

Ж.А.Құсайынова

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана*

### Контекст — семиотикалық бірлік

Мақалада контекстінің семиотикалық бірлік сияқты қызметтері қарастырылды, сонымен қатар грамматикалық бірліктердің семантикалық және құрылымдық тұстарының өзара әрекеттестігі заңдылықтарына талдау жасалды. Контекст арқылы шешімін табатын лексикалық бірліктер семантикалық өрістерінің кеңеюі мен тарылуы жөнінде айтылды. Бұл мәселе талдаудың салыстырмалы деңгейінде қарастырылған.

*Кілмті сөздер:* контекст, семиотикалық бірлік, мәтін, модальділік, семиотикалық белгілер, модальділік санаты, коммуникативтік қарым-қатынас, семиотикалық кеңістік.

Құрылымдық синтаксис деңгейіндегі талдаулар модальділік санатының грамматикалық табиғатын толық ашып көрсете алмайды. Себебі бұл санаттың грамматикалық ерекшелігі, модальді мағынаның астары көп жағдайда сөйлем аралық байланыстан, контекст аясындағы салыстырудан дараланады. Модальділікті контекст шеңберінде талдау қажеттігін, ішкі себептері мен қол жеткізер мүмкіндіктерін, оның функционалдық мәнін С.Құлманов пікірімен ұштастырып, төмендегіше саралап көрсетуге болады: «Біріншіден, модальділік категориясын оны тура білдіретін конвенционалды құралдардан басқа осы семантикалық мазмұнды, осы коммуникациялық функцияны жанама түрде білдіретін бейконвенционалды құралдарды да жатқызуға болады. Кейбір модальдік мағыналар оларды білдіретін құралдардың семантикасына байланысты болмауы да мүмкін... Екіншіден, ұқсас мағыналарды білдіретін жекелеген бірліктердің арасындағы семантикалық айырмашылықтарды коммуникативті әдіске сүйенбей табу мүмкін болмайды... Үшіншіден, коммуникативті жағдаяттың ерекшелігіне байланысты тілдік құралдарды таңдау шарты анықталады... Төртіншіден, коммуникативті жағдаят пен оның қатысушыларын айқындау бұйрықты сөйлемдердің кеңес, өтініш, бұйрық, ұсыныс т.б. сияқты реңктерінің семантикалық айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді...» [1; 45,46].

Модальділіктің аталған құрылымдық белгілерін талдау үшін, контексті тірек ете салыстыру аса қажет. Контекст әр сөйлемде көрініс беретін модальді мағынаны жалқылап талдауды мақсат етпейді. Текст, контекст — бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен қалыптасатын, белгілі бір жағдаяттың әсерін ескере отырып, модальділікті толық сипаттауға, ұғынуға мүмкіндік беріп, біртұтас ойды қалыптастыратын бірлік. Яғни, контекст өзінің құрамындағы ұсақ семиотикалық белгілердің тығыз семантикалық қатынасынан өрбитін модальді мағынаның құрылымдық ерекшелігін бұзбай, субъектінің әр түрлі көзқарасын жандандырады. Ендеше, модальділік санатының құрылымын, семантикалық ерекшелігін толыққанды талдау үшін, контекстің өзін семиотикалық бірлік ретінде қабылдаймыз. Оның құрамындағы синтаксистік бірліктер өзара әрекеттесу заңдылығымен дараланып, семантика-құрылымдық байланысын қатаң сақтап, тұтас құрылымның ішкі бөлшектері сияқты қызмет атқарады.

Контекст, оның ішкі бөлшектері, олардың байланысы, грамматикалық қызметін В.Л.Ринберг: «Учитывая, однако, что целостность этой структуры, как и других единиц высшего порядка, основана на диалектическом единстве структурных и семантических параметров, среди которых ведущее место принадлежит семантико-синтаксическим отношениям и связям между предложениями, следует считать, что оба плана (и граница, и связи) взаимообусловлены, взаимосвязаны, и выявление их может быть реализовано только в этом неразрывном единстве», — деп сипаттаған [2].

Контекстің құрылымы, оның қызметтік мүмкіндігін Г.В.Колшанский пікірі де толықтырады: «Интенция построения текста распространяется не на задачу формирования отдельных высказываний, а на передачу цельного смысла, представляющего собой не констатацию атомарных фактов, а описание определенной ситуации, являющейся предметом, обмена мыслями между коммуникантами» [3].

Жалпы грамматикада семиотикалық бірліктер туралы әр түрлі көзқарастар орын алған. Лингвистикалық ауқымда семиотикалық бірліктерді тар көлемде де, кең көлемде де түсінуге болады. Тар көлемде «семиотикалық бірліктер», «мағына», «семантика» ұғымдарын лексикология шеңберінде талдап, бір сөздің мағынасын сипаттаумен байланыстырамыз. Мұнда семиотикалық бірліктерді

жалқылау басым. Егер лексикологияда семантика категориясының бірлігі сөз және сөздер тіркесі болса, функционалдық сипаттаумен астарласқанда, сөйлемдерді де, контекстерді де семантика категориясының бірлігі ретінде қабылдаймыз. Ал контекстің семиотикалық бірлік ретінде сипатталуы функционалды көзқарас, функционалдық талдаулардан бастау алады. Бұл бағытта семантика категориясының бірліктері неғұрлым күрделі сипат алып, болмыс-бітімін кешенді сипаттауға мүмкіндік жасалады. Бұл жетістікке, әрине, бірнеше сатыдан, бірнеше теориялық ілімдердің дамуы нәтижесінде қол жеткіздік. Бұған дейінгі сатыда «семантика категориясының тірегі қандай бірлік?» деген сұрақ төңірегінде әр түрлі көзқарастар орын алған. Семиотиканың негізгі бірліктері ретінде «жеке сөздердің рөлі күшті» деген көзқарастың да біз үшін маңызы бар. Себебі семантика категориясының алғашқы теориялық негізі, іргетасы осындай ойлардың астарынан қалыптасып, дамыды. Бұл еңбектерде жеке белгі, сөздердің маңызы туралы тұжырымдар қамтылды.

Семиотикалық белгілердің табиғатын айқындауда зерттеушілердің бір тобы «тұлғадан мағынаға» әсер ету көзқарасын қолдаса, екінші тобы тұтас құрылымның тұлғаға әсер етуіне, олардың бірлікте жұмсалыуына мән беру керектігін айтады.

Дегенмен, «тұлғадан мағынаға» әсер ету ұстанымын басшылыққа алған зерттеулерде семиотикалық белгілердің функционалды деңгейдегі қызметіне мән берілмеді.

Семиотикалық белгілердің сөйлеу әрекетін қозғалысқа түсірудегі рөлі, олардың ішкі бірлігі, ақпарат алмасуға тірек болуын саралау төмендегі еңбектерден бастау алады.

Алғаш рет семантика мәселесіне қатысы бар тілдік бірліктердің коммуникативтік қызметіне мән берген Р.Пирс болды. К.Я.Сигалдың талдауы бойынша, Р.Пирстің семиотикалық белгілерді сипаттауының астарында «қандай ақпаратқа тірек болған?» деген сұрақ төңірегінде ой қозғалған [4]. Яғни алғаш рет семиотикалық бірліктердің тілдік қарым-қатынас жасауға тірек болуына назар аударылады.

Ч.Моррис ілімінде семиотикалық белгілердің бірлігі, қозғалысы, қызметтік аясы айқындалды. Автор: «Полная характеристика отдельного знака возможна лишь при указании того, что будет названо синтаксическими, семантическими и прагматическими правилами, управляющими знаковыми средствами, — деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ол: «Семиотика включает в себя три подчиненные ей дисциплины — синтактику, семантику и прагматику, которые изучают соответственно синтаксическое, семантическое и прагматическое измерения семиозиса», — деп, семиотикалық бірліктердің қызметін талдау үшін, контекстің семантикалық, синтаксистік, прагматикалық белгілерін салыстыра қарауды ұсынады [5; 43]. Зерттеуші семантиканың күрделенуі оның ішкі бірліктерінің күрделенуіне әкелетіндігін орынды ескерген. Бұл туралы автордың төмендегідей ойлары орын алған: «...успешное развитие семантики предполагает относительно высокоразвитую синтактику» [5; 55].

Ю.М.Лотман семиотикалық бірліктердің коммуникативтік қажеттілікке орай ұйымдасатынын айта келе, олардың ішкі семантикалық, құрылымдық байланысы жаңа ақпаратты тудырудың қозғаушы күші болады деп бағалаған: «Всякая осуществляющая весь набор семиотических возможностей система не только передает готовые сообщения, но и служит генератором новых» [6].

В.Г.Гак семиотикалық кеңістікте тексті маңызды бірлік деп таныған: «Однако положение о доминирующей позиции слова в семиотической системе языка оспаривается текстоцентрической теорией, в соответствии с которой высказывания считаются основными знаками, а слова определяются как полужнаки» [7].

Е.В.Падучева семантика категориясының шешімі, болмысы тек контексте анықталады деп тұжырымдаған [8].

И.П.Сусов «Семантическая структура предложения» деп аталған еңбегінде семантика мәселесін жеке сөйлемдермен жалқыламай, бірнеше сөйлемнің құрылымдық-мағыналық байланысы нәтижесінде қалыптасатын күрделі құбылыс деп сипаттайды [9].

Функционалдық шеңберде контекстің семиотикалық бірлік ретіндегі қызметін Г.Ю.Аманбаева талдай келе, ақпарат алмасушы субъектілердің арасын байланыстыратын белгілі бір хабар таратушы, байланыстырғыш амалдар деп көрсетеді. Бұл туралы автордың «знак как результат семиотических коннекций рассматривается в качестве конвенционального транслятора некоторого содержательного объема, обусловленного интенцией отправителя и интерпретированного в процессе декодирования получателем» деген тұжырымды ойларын келтіруге болады [10, 9].

Ал М.В.Никитин семиотикалық бірлік ретінде контекст қызметін сөйлеу әрекетіне тірек болуымен бағалайды: «Интенциональность знака — свойство, определяемое в качестве

семиотической константы и позволяющее утверждать, что знак объективируется как «конвенциональный транслятор значений от отправителя к получателю» [11; 11].

Семиотикалық бірлік ретінде контекстің қызметі функционалды грамматиканың міндет-мақсаттарына бағынады. Ал «функционалды грамматиканың міндеті — грамматикалық бірліктер мен категориялардың сөйленім мазмұнын білдіруге қатысатын әр түрлі тіл деңгейіндік элементтермен өзара әрекеттестіктегі қызметінің арнайы динамикалық аспектісін қалыптастыру» болмақ [1, 30].

Сонда контекстегі сөйлемдердің қатары семантикалық заңдылыққа сай, коммуникативтік қарым-қатынасты өтеу мақсатында, өзара байланыста орналасады. Г.Ю.Аманбаева контексті құрайтын сөйлемдердің белгілі бір мағыналық кеңістікте ішкі заңдылыққа сай орналасып, қолданыста болатынын сипаттап: «Центростремительный механизм текста, образующий из совокупности составляющих его знаков единое семиотическое пространство, вне зависимости от параметров пространственного объема и временной протяженности, является следствием законов, человеческого мышления и познавательной деятельности», — деп қорытады [4, 46].

Өйткені функционалды бағытта семантика категориясының бірліктері күрделі міндеттерді шешеді. Яғни, семантикалық байланыстың жігін байланыста ұстап, құрылымдық тұтастықты сақтап, сөйлеудің мән-мағынасын ашу. Бұл туралы А.Вежица: «Семантика представляет собой деятельность, которая заключается в разъяснении смысла человеческих высказываний... Теоретическая семантика, если она действительно стремится к познанию и подробной фиксации семантической структуры человеческой речи, не может остановиться на полпути. Она должна довести минимизацию до конца, до тех пор, пока она не дойдет до таких составляющих человеческих высказываний, которые уже просто не могут быть подвергнуты дальнейшему разложению», — деп бекітеді [12].

Контекст семиотикалық бірлік ретінде қызмет атқарғанда, модалділік санатын тек лингвистикалық тұрғыдан сипаттамайды, контекст модалділік санатының табиғатын ашуда, «олардың құрылымдық жағымен бірге мағыналық мазмұнын ескере отырып, оны қарым-қатынаста, сөйлеу жағдаятымен тікелей байланыста, яғни, жүйелеумен қоса, оның әрекет ету, жұмсалы механизмі де қарастырады» [1]. Яғни, модалділіктің жасалуына тірек болатын тілдік амалдардың әр түрлі функциялы қызметін, жалпы модалділік категориясының белгілі құрылымдық сатысы болатынын, мономодалді, полимодалді қолданыстардың белгісін, лексикалық бірліктердің мағыналық жақтан кеңеюі нәтижесінде берілетін модалді мағынаның астарын, интонация компоненттерінің қозғалысын, сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруы нәтижесінде берілетін омонимдік модалді мағыналарды да контекст деңгейінде ажыратамыз. Мысалы, кейбір зат есімдердің лексикалық мағынасы тура және қолданыста орныққан ауыспалы мағынасынан бөлек стилистикалық құбылтуға да икемделеді. Мұндай қолданыстарда зат есімге тән, әбден қалыптасқан негізгі ұғым екінші қырынан жаңғырады. Осы мәселеге қатысты тек контекстік салыстырудан белгілі болатын «ит» сөзінің мағыналық жаңару сатысына көз жүгіртсек. Мысалы: *Еснейдің иттері әуелі шыға салып таласып алды. Тайыншадай дырау, қасқыр азу иттердің тістері қанжардай жарқылдап кетті. Иттерде қай бұрын жығылғанын талайтын әдет бар (Ғ.Мүсірепов)*. Бұл мысалда «ит» сөзі тура мағынада. Ал екінші қолданыста тура мағынаның ізімен қалыптасатын «ит» сөзінің ауыспалы мағынасын ажыратамыз. Мысалы: *...Әлдекім әлдеқашан айттырып, құда түсіп қойған болар-ау... Оған сөз жоқ қой. Ит-ай, деген маңдай жарылып туған ит еді! (Ғ.Мүсірепов)*. Үшінші контексте «ит» сөзінің семантикалық өрісінен бастау алатын мағынасы басқа қырынан танылған. Бірінші, екінші мысалда жағымсыз реңк орын алса, соңғы мысалда субъектінің сағынышын, қуанышын ашуға тірек болған «ит» сөзінің жаңа қолданысын аңғарамыз. Мысалы: *Артекең Садыр батырмен ерекше сағынышты амандасты: — Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау! Сен ит он бес жыл бойы неге ат ізін салмай кеттің? Өліп қалған шығарсың деп жүр едім (Ғ.Мүсірепов)*. Лексикалық қолданыстардың мұндай ерекшеліктері арқылы берілетін модалді мағыналар тек контекстік деңгейінде айқындалады. Ал контексте мұндай ерекшеліктер семантикалық ұстаным негізінде талданғанда көрініс береді. Ж.Жақыпов контекстегі тілдік бірліктердің қызметін салыстыруда орын алатын басты ұстанымды төмендегідей ажыратады: «Сонымен, сөйлемге коммуникативтік тұрғыдан қарау дегеніміз — оны сөйлеу единицасы ретінде қарау. Ал сөйлеудегі сөйлем — контекстегі сөйлем. Тіл тұрғысынан алғанда біз оқшау алынған сөйлемдерді, олардың семантикасының құрылыммен берілуін қараймыз. Енді контекст аясында қарағанда, сөйлем басқаша мәнге ие болады: бүтіннің бөлшегі, буыны, бүтінді құраушы негіз ретінде көрінеді. Осы бүтінді біріктіруші құралдар әр сөйлемнің бойында болады. Осылайша сөйлем ой ағынының, сөйлеу ағынының единицасы ретінде қызмет атқарады» [10, 25].

Талданған мысалдар мен теориялық мәселелерден аңғаратынымыз, контексте тілдік бірліктердің қозғалысы ретсіз емес, олар белгіленген ұстанымға сай тұтастық құрайды. Нақтырақ айтсақ, сөйлеу әрекетіндегі тілдік бірліктердің қызметі, контекстік тұтастық шеңберіндегі өңделуі, толығыуы семантикалық қатынастан бастау алады. Яғни, тілдік белгілердің семантикалық ұстанымға сай қызметтік аясының құбылуынан, өзара әрекеттесуінен, ұйымдаса қолданылуынан сөйлеу әрекетінің құрылымы қалыптасады. Бұл мәселеге қатысты Н.Уәлиұлы: «Сөз мағынасының өзгеруі, қызметінде жаңа бір қырдың пайда болуы, өзгеше реңге көшуі тілдің өз заңдылықтары бойынша өрбіп отырады. Соларға сүйенбей, оларды елеп-ескермей «дұрыс» не «бұрыс» деп кесім айтып, әркім өз қиялында топшылау жасап жатса, көлеңкеге қарап пішкен тондай келіссіз болып шығуы да мүмкін. Сөздің де сөз болғанмен, сарасы бар», — деп ескереді [11, 50]. Осы пікірдің астарында кез келген қолданысты, грамматикалық, лексикалық бірліктердің контекст деңгейінде бүтіннің бір бөлшегі сияқты семантикалық ұстанымға сай қолданыста болатындығы туралы, контекст сөйлеу бірліктерінің тұтастығын, семантикалық мәнін ашуға тірек болатын күрделі семиотикалық бірлік екендігі дараланған.

Біз қарастырған модалділік санатының құрылымдық ерекшелігін талдауда да контекстің ықпалы барынша белсенді және қажетті. Сондықтан контекст семиотикалық макробелгі ретінде, терең семантика-құрылымдық белгісі негізінде ақпараттық, концептуалдық, прагматикалық деңгейлерді біріктіре отырып:

- модалділіктің тұтас құрылымдық көрінісін анықтауға;
- оның қалыптасуына әсер ететін лингвистикалық, психолінгвистикалық, паралингвистикалық амалдардың кешенді қызметін ажыратуға;
- модалділік санатының сөйлем деңгейінен кең құрылым екенін саралауға;
- модалділіктің мәтін түзуші категория екенін дәлелдеуге тірек болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі. — Алматы: Ценные бумаги, 2006. — 155 б.
- 2 Ринберг В.Л. Конструкции связного текста в современном русском языке. — Львов: Вища шк., 1987. — С. 30.
- 3 Колианский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка // Коммуникативные единицы языка. — М.: Изд. МГПИИЯ им. М.Тореза, 1984. — С. 115, 116.
- 4 Сигал К.Я. Проблемы иконичности в языке // Вопросы языкознания. — 1997. — № 6. — С. 100–109.
- 5 Падучева Е.В. О семантике синтаксиса. — М.: Наука, 1974. — 292 с.
- 6 Сусов И.П. Семантическая структура предложения. — Тула, 1974. — С. 14.
- 7 Аманбаева Г.Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика. — Алматы: LEM, 2005. — С. 13.
- 8 Никитин М.В. // Вопросы языкознания. — 1997. — № 5. — С. 12.
- 9 Вежбицка А. Семиотика: Сб. ст. — М.: Радуга, 1983. — С. 24.
- 10 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 159 б.
- 11 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. — Алматы: РБК, 1998. — 128-б.
- 12 Моррис Ч. Основания теории знаков // Семиотика: Сб.ст. — М.: Радуга, 1983. — С. 225, 226.

Ж.А.Кусайынова

#### Контекст — семиотическая единица

В статье показаны функции контекста как семиотической единицы, также дается анализ закономерностям взаимодействия семантико-структурных сторон грамматических единиц. Автор рассматривает расширение и сужение семантических полей лексических единиц в контексте. Эта проблема проанализирована на сравнительном уровне.

Zh.A.Kusayynova

#### Context — a semiotic unit

Functions of a context as a semiotic unit consider in the article, analysis of interconnection regularities of semantic structural sides of grammar units are also given there. The article is about broadening and narrowing of semantic fields of lexical units, which find its solution in the context. This problem is considered on the contrastive level of analysis.